ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

АЛМАТЫ қаласы музейлер бірлестігі

KTA KAZAKHSTAN TOURIST ASSOCIATION

# А Қ П А Р А Т Т Ы Қ  Х А Т

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет Комитеті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, ТЮРКСОЙ Халықаралық ұйымы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты және Алматы қаласы музейлер бірлестігі Сіздерді 2024 жылдың 14-15 наурызында Алматы қаласы әкімдігі мен Қазақстан туристік қауымдастығының қолдауымен «НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ» ұлттық мерекесіне орай өтетін дәстүрлі «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ» II Халықаралық ғылыми форумы жұмысына қатысуға шақырады.**

**Форум жұмысының мақсаты:** түркітілдес халықтардың этникалық тарихы мен мәдени мұрасын насихаттау.

**Форум жұмысының міндеттері:**

- түркітілдес халықтардың тарихи этногенезін, мәдениеті мен өнерін зерделеу мәселелерін өзектендіру;
- түркітілдес халықтардың тарихи-мәдени құндылықтарын дәріптеу: материалдық және материалдық емес (рухани) мұрасын зерттеу, зерделеу;
- «Наурыз»: сақтау және насихаттаудың жаңа нысандары мен тәсілдерін анықтау және зерделеу;
- «Наурыз» мейрамын атап өту дәстүрін сақтау мен насихаттаудың нысандары мен тәсілдерін анықтау, зерделеу;
- мәдениет пен ғылыми ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты жандандыру, ғылыми және мәдени-білім беру қызметі саласындағы дәстүрлі және инновациялық бағыттарды дамыту перспективаларын талқылау үшін бірыңғай алаң құру;
- қазақстандық және шетелдік мамандардың күшімен түркі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерделеу бойынша бірлескен кешенді пәнаралық зерттеулер жүргізу мүмкіндіктерін айқындау;
- музей экспозициясы мен қор материалдары негізінде мәдени туризмді дамыту;
- музейлер арасындағы іскерлік байланысты қалыптастыру.

## ФОРУМНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАРЫ:

1. **Түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті: материалдық және материалдық емес мұраларды зерттеу және насихаттау;**
2. **Наурыз мерекесінің тарихын зерттеу, зерделеу;**
3. **Наурыз және этноэкология мәселелері;**
4. **Түркі халықтарының тәрбие құндылықтары;**
5. **Тарихи-мәдени мұраны зерттеу мен насихаттаудағы мәдениет мекемелері – музейлер, архив және кітапханалар – рөлі мен орны;**
6. **Музей жұмысының заманауи инновациялық нысандарының ғылыми және практикалық аспектілері (музейлік цифрландыру және виртуализациялаудағы мемлекеттік есеп талабына сай келетін бірыңғай ережелер; web-қосымшалар; серверлік конфигурация; техникалық қамтамасыз ету және т.б.).**

*МУЗЕЙЛІК ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ:*

- **«ЗАМАНУИ ЭКСПОЗИЦИЯ МУЗЕЙДІҢ БАСТЫ БАЙЛАНЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ»** (ф.ғ.к. Г.Ш. Файзуллина );
- **«ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ: МУЗЕЙ ҚОР КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ (ғылыми-практикалық аспектілері)»** (PhD докторы Ғалия Теміртон);
- **«ЭКСКУРСИЯ МУЗЕЙДІҢ МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ»** (ЮНЕСКО ұлттық комиссиясының мүшесі, WFTGA ұйымының ұлттық тренері Б.К. Оразымбетова);

**Ғылыми форум жұмысына қатынасушылар назарына:**

**«ТӘРБИЕ БАСЫ – ТАЛ БЕСІК» этнографиялық көрме ұсынылады** (Орталық музей қоры негізінде).

Форумға ғылыми мекеме қызметкерлері, оқу орындарының оқытушылары, шығармашылық зиялы қауым өкілдері, музей, архив, кітапхана мамандары, жалпы түркі әлемінің тарихын, мәдениеті мен өнерін зерттеумен айналысатын жас ғалымдар, бакалавр, магистрлер, докоранттар және өзге де қызығушылық танытатын тұлғалар шақырылады.

- Ғылыми форумның офлайн қатысушыларына «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының сертификаты тапсырылады.
- Ғылыми мақалалары «Museum.kz» ғылыми-тәжірибелік журналында жарияланған қатысушыларға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің сертификаты тапсырылады.

Форум жұмысына қатысу өтініші ұйымдастыру алқасының forum-2024@bk.ru электрондық почтасы арқылы 2024 жылдың 07 наурызын қоса алғанда қабылданады.

Форум жұмысына арнайы шақырылған қонақтардың жол-шығындары мен қонақ үй құны ұйымдастырушылар есебінен төленеді. Ал, өзге қатынасушылардың барлық іс-сапар шығындары жіберуші жақ есебінен төленеді.

**Өткізу нысаны**: offline
**Өтетін орны:** Алматы қ., Самал – 1, 44 үй.
**Өтетін күні мен уақыты**: **14-15 наурыз 2024 жыл.**
**Байланыс тел.**: 8(727)2644911; 8 747 6474468 Арайлым Бақытқызы Балаева

ҰСЫНЫЛҒАН ФОРМА БОЙЫНША ӨТІНІМ

Аты-жөні (толық) ______________________________________________-_________
Қызмет атқаратын мекеменің толық атауы: ________________________________ ___
Ғылыми дәрежесі (ғылыми атағы): __________________________________________
Лауазымы: ________________________________________________________________
Байланыс телефоны: ______________________________________________________
Электрондық адресі:_____________ ___________________________________ _____
Факс, E-mail ________________________________________________________________
Мәдени (театр, филармония) шараға қатысу (иә, жоқ) __________________________
Алматы қаласындағы музейлерге экскурсия (15 наурыз 9.00-13.00) ______________
Ұйымдастырушыларға ұсыныс, пікірлер ________________________________________

**Ұйымдастыру алқасы**